



**С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**

Интернатура кафедрасы

ИӨЖ

Тақырыбы:

***Термопласт негізіндегі алмалы протездер,
салыстырмалы мінездемесі***



Орындаған: Әмірбекова Н.Ж.

Факультет: Стоматология

Курс: 6

Тобы: 12-002-02

Қабылдаған: Шаймарданов С.М.

ЖОСПАР:

I. Кіріспе

Термопласт негізіндегі жұмсақ протездердің қолдану көрсеткіштері

II. Негізгі бөлім

Жұмсақ протездердің түрлері

III. Қорытынды

ЖҰМСАҚ ПРОТЕЗДЕР

- Жұмсақ тіс протездері— тістерді протездеуде шет елдерде 20 жылдан бері қолданылып келе жатқан заманауи технологиялардың бірі. Иілгіш жұмсақ протездер —басқа тіс протездерінің өте жақсы баламасы болып табылады.
- Иілгіш протез қазіргі таңда доғалы және акрилді протездерге бірден-бір альтернатив болып саналады.
- Иілгіш тіс протездері эстетикалық жағынан да қолайлы. Протездің мөлдір қызғылт реңі қызыл иектің түсіне сәйкес келіп, оң нәтиже береді.





ЖҰМСАҚ ПРОТЕЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ:

- ❖ Ауыз қуысында бір немесе бірнеше тістер болмаған кезде;
- ❖ Адентия (толық тістердің болмауы)
- ❖ Тіс қатарының шектелмеген кетігі кезінде;
- ❖ Тістердің, қызыл иектің аурулары және қызыл иектің сезімталдығы жоғары кезінде.



Жұмсақ протездердің түрлері

- Қарапайым нейлонды протез**
- Полиуретанды протездер (нейлонды протездің аналогі)**
- Квадротти протезі**



НЕЙЛОНДЫ ТІС ПРОТЕЗДЕРІ

Нейлонды тіс протездері алғашында төменгі жақ буын ауруларын емдеу үшін қолданылған болатын. Оларды қондырғанда көрші тістерді қайрап жұмырлау керек етпейді, олар арнайы кламмерлер арқылы бекітіледі. Бұл протездерді мамандар «жұмсақ тіс» немесе «көрінбейтін протез» деп те атап кеткен. Протездің нейлонды негізі жұмсақ және эластикалық, ол ауыз қуысының шырышты қабатына жақсы отырады және тітіркендірмейді.




ТІС ҚАТАРЫНДА БІР ТІС БОЛМАҒАН КЕЗДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕЙЛОНДЫ ПРОТЕЗДЕР (МИКРОПРОТЕЗДЕР)





Нейлонды протездердің Valplast , Flaxy Nylon, Flaxi-T деген түрлері бар. Бұл протездер басқа протездерге қарағанда өте қолайлы, қызыл иекке және сау тістерге ешқандай зиян келтірмейді. Мұның барлығы нейлонды протезге тез үйренуге және оны ұзақ уақыт қолдануға мүмкіндік береді.

«Valplast»нейлонды протезі



«Valplast»нейлонды протезі

«Valplast»нейлонды протезі аллергиясы бар және тістерді егеуге тыйым салынған науқастарға арналған.(жүрек -қантамыр ауруларында,эпилепсия кезінде)

«Valplast»нейлонды протезі балаларға арналған мінсіз шешім болып табылады,ең алдымен тістерін жоғалқандар үшін. Сонымен қатар тіс қатары деформациясының алдын алады.

КВАДРОТТИ ПРОТЕЗИ

Қолданылады:

Бір немесе бірнеше тіс болмаған жағдайда;

Квадротти немесе QuattroTi протездері – италиялық ғалымдар патенттеген протез. П Квадротти протез нейлонның негізінде өте жұмсақ және эластикалық Dental D деген материалдан жасалады. Квадроттидің нейлонды конструкциясы өте жақсы эстетикасымен және максималды қолайлығымен ерекшеленеді..



Квадротти протезінің артықшылықтары

- Иілгіш, жұмсақ , қолайсыздық тудырмайды және қызыл иекті тітіркендірмейді;
- эмальді зақымдамайды;
- аллергия тудырмайды;
- протезді жасауға арналған материалдар әртүрлі тағам бояуларына төзімді;
- протез кез келген шайнау бетіне түскен салмаққа төтеп береді;
- Квадротти протезі спортсмендерге де ұсынылады.

КЕМШІЛІКТЕРІ:

1. Протезді күтуде қиыншылық тудырады. Егерде қатты щеткамен жуса кедір-бұдыр болып кетеді. Сондықтан арнайы гигиеналық заттар пайдаланылады;
2. Жөндеуге келмейді;
3. Жоғары дәрежелі майыстығы мен иілгіштігі сүйек тінінің жедел атрофиясына алып келеді;
4. Бағасы қымбат;



ПОЛУРЕТАНДЫ ПРОТЕЗДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ:

- ❖ Нейлонға қарағанда бағасы арзан;
- ❖ Материал ылғалды өзіне сіңірмейді;
- ❖ Технологиялық дайындалуы қарапайым;
- ❖ Тіс қатарының Кеннеди бойынша I, II, III, IV класс кетіктерінде қолданылады.



Нейлонды протездердің артықшылығы:

- ❖ Аллергиялық тітіркендіргіш әсері жоқ және жоғары биосәйкестік ;
- ❖ протездің құрылымы серпімді және мықты;
- ❖ барлық эстетикалық талаптарға сай;
- ❖ протездерге науқастардың тез бейімделуі;
- ❖ Бактериялардың көбеюін болдырмайды;
- ❖ Қысымның біркелкі таралуы;
- ❖ Құ



НЕЙЛОНДЫ ПРОТЕЗДІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ:

1. Дайындау кезінде жылтыратудың қиыншылығы;
2. Жоғары дәрежелі майыстығы мен иілгіштігі сүйек тінінің жедел атрофиясына алып келеді;
3. Жөндегендегі қиыншылық немесе мүлде жөндеуге келмеуі;
4. Басқа алмалы протезбен салыстырғанда қымбатырақ;
5. Нейлонды протезді тазалап жууда классикалық заттарды қолдануға болмайтындығы;

Қорытынды

Қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып жасаған иілгіш протездер қазіргі заманғы көзқарас бойынша жақсы деп бағаланып отыр. Себебі бұл алмалы протездерді пайдалану да, оған үйрену де өте оңай. Жарамдылық мерзімі басқа протездермен салыстырғанда ұзағырақ. Ауыз қуысында аллергия,шырышты қабаттың зақымдануын болдырмайды.

Сондықтан тіс қатары кетіктерін толықтыруда заманауи технологияларды пайдалана отырып емдеу өте тиімді.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!